Тобы: «Таңшолпан»
Өтетін күні: 06.05.2022 жыл
Білім беру саласы: «Шығармашылық».
Ұйымдастырылған оқу қызметі: Сурет
Тақырыбы: «Қошақанға шөп береміз»
Мақсаты: Жасыл түсті пайдалана отырып шөптердің суретін салуға үйрету. Саусақ бұлшық еттерін, қол қимыл-қозғалыс икемділіктерін дамыту. Үй жануарларына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.
Әдіс – тәсілдер: Түсіндіру, көрсету, әңгімелесу, сұрақ – жауап.
Қолданылатын құрал-жабдықтар: Жасыл бояу, қылқалам, су, әр балаға үлестірмелі сурет, сүлгі.

Іс-әрекет кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Педагог суреттерін көрсете отырыпүй жануарлары және төлдерімен балаларды таныстырады, әрқайсысы қалай аталатыны жайлыбалалармен әңгімелеседі. Ауылға барғанда малдардың, төлдерін көргендері жайлы және қойдың төлін «қошақан» деп атайтыны туралы естеріне түсіреді. - Мына бір қошақанның қарны ашып кетіпті, біз сол қошақанға шөп берейік. Қошақанның суретін көрсетеді.	Балалар ауылда не көргендері жайлы әңгімелеп береді. Балалар суреттегі қошақанға аяушылықпен қарайды.
Ұйым*дастыру кезеңі*	- Сендердің алдарында сүйкімді қошақанның суретісалынған қағаздар бар, әркім өз қошақанына шөп береді, яғни шөптің суретін салыпбереді. Педагог шөптің суретін салу жолдарын түсіндіреді. Қылқаламды ұқыпты ұстап, төменнен жоғары қарай сүйкей жағу арқылы шөптің суретін салуға болатынын өзі қимылмен көрсетеотырып,түсіндіреді. Жасыл түсті бояуды ұқыпты пайдалану жөнінде және қағаз бетіне тегіс, тұтас шөпті салу үшін қолды қатты баспай, жеңіл қимыл жасау керектігі туралы кеңес береді. Қылқаламның ұшы тым жоғары көтерілмеуін ескертіп айтады. Шөпті біркелкі етіп салуға икемдері келмей қиналған балаларға педагог	Балалар педагогтің көрсетуі бойыншажасыл түсті бояуды пайдаланып шөптің суретін салады. Жұмыс аяқталған соң қылқаламды суға салып жуып, шүберекпен кептіреді.

	үнемі көмекке келіп отырады. Жұмыс соңынан бәрі бірігіп «Қошақан» әнін орындайды. Педагог балаларға олардың қошақандарының атынан ризашылық білдіреді.	Өлеңнің сөзіне сәйкес қимылдар жасайды.
Рефлексиялық түзетушілік	Педагог балалардың салған суреттерінен көрме ұйымдастырып, бәрінің де жақсы салғандарын айтып мадақтайды.	Салған суреттерінен көрме ұйымдастырып, өздері қызықтайды.

Күтілетін нәтиже:

Болуы: қылқаламмен дұрыс жұмыс істей білу дағдыларын.

Білуі: үй жануарларына деген қамқорлық сезімін.

Қолынан келуі: жасыл түсті бояуды пайдалана отырып, сүйкей жағу арқылы шөптің суретін салуды.

Тобы: «Таңшолпан»
Өтетін күні: 13.05.2022 жыл
Білім беру саласы: «Шығармашылық».
Ұйымдастырылған оқу қызметі: Сурет
Тақырыбы: «Доптар»
Мақсаты: Балаларға қарапайым дөңгелек пішінді саусақпен құмда салуды үйрету. Саусақтарының икемділіктерін арттыру. Өз жұмысының нәтижесіне қызығушылықпен қарауға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.
Әдіс – тәсілдер: Түсіндіру, көрсету, әңгімелесу, сұрақ – жауап.
Қолданылатын құрал-жабдықтар: Әр балаға құм салынғаныдыстар, қол сүрткіштер.

Іс-әрекет кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Педагог балаларға құм басқан шөл далаға саяхатқа баратындары және осы құмның бетіне әртүрлі бейнелер салуға болатыны жайлы әңгімелейді. Балалар алдарындағы құмды ұстап, алақандарымен сипап,оны үйіп көреді, педагог олардың несезінгендері жайлы сұрайды. Балалардан педагог «шашылады», «үйіледі», «жиналады» т.б. сөздерді айтуды талап етеді.	Балалардың қызығушылығы оянады. Балалар өздерінің құмды ұстағаннан кейін не сезгендерін айтады.
Ұйым*дастыру кезеңі*	Педагог балаларға бүгінгі күннің тамаша сәулесін шашып, шаттық көңіл күйін сыйлап тұрғанын айтады. - Қараңдаршы, құмның үстінде жатқан не? - Доптың пішіні қандай? Дұрыс айтасыңдар, Құм әлемі сендерден саусақтарыңмен алдарыңдағы құмға доптардың бейнесін салуды сұрайды? Саламыз ба? Салмас бұрын ауада салып көрейік. - Кәне, бәріміз сұқ саусағымыздың көмегімен құмның бетіне үлкен және кіші доптарды салайық. Балалар бір доптың суретін оңай салып болса, әр балаға бірнеше доптың суретін саусақпен салу ұсынылады. Сондай-ақ педагог іс-әрекетті түрлендіріп, құмды сулап, оған әртүрлі пішіндегі қалыптарды беріп,	Балалар күн көзіне қарайды. - Доптар. -Дөңгелек. - Саламыз. Сұқ саусақтарымен ауада салады. Балалар сұқ саусақтарымен өз қалаулары бойынша доптардың бейнесін салады.

	суланған құмнан алуан түрлі пішіндер жасауға болатынын түсіндіреді. Балалардың құммен ойын ойнауға деген қызығушылығын арттырады. Саусақтарымен доптарды салып болғаннан кейін қолдарын сүртіп, шеңберге тұра қалуларын сұрайды. - Көңіл күйі көтерілген доптың сендермен ойнағысы келеді. Келіңдер, ойнайық және доп сияқты секірейік. Добым менің, добым менің, Зымырайсың, қутыңдайсың, Бірақ, менен құтылмайсың. Педагог осы жолдарды әндете айтып тұрып, допты жерге соғады. Балалар доппен бірге секіреді.	Балалар қолдарын тазалайды, сүртеді. Олар допты бір- біріне лақтырып, қағып алып және секіріп ойнайды
Рефлексиялық түзетушілік	Педагог балаларға өте шебер екендіктерін және келешекте көптеген бейнелерді оңай сала алатындары жайлы айтып, серуенге шығуларын сұрайды.	Балалар өз жұмыстарына риза болып, серуенге дайындалады.

Күтілетін нәтиже:

Болуы: құмға саусақ арқылы бейне салуға болатындығын, құрғақ және дымқыл құмның айырмашылығын.

Білуі: доптың қозғалысын іс-әрекет арқылы көрсетуді.

Қолынан келуі: құмның бетіне саусақ арқылы доптың суретін салуды.

Топ: «Таңшолпан»
Өтетін күні: 20.05.2022 жыл
Білім беру саласы: «Шығармашылық».
Ұйымдастырылған оқу қызметі: Сурет
Тақырыбы: «Адамның бейнесін салу»
Мақсаты: Балаларды дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш пішіндерді саусақпен салуға және өз жұмысының нәтижесіне қызығушылықпен қарауға үйрету. Іс-әрекет арқылы қимыл-қозғалыстарын дамыту. Құммен ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.
Әдіс – тәсілдер: Түсіндіру, көрсету, әңгімелесу, сұрақ – жауап.
Қолданылатын құрал-жабдықтар: әр балаға құм салынғаныдыстар, қол сүрткіштер.

Іс-әрекет кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Педагог құмды далаға саяхатқа барғандары және онда құм бетіне әртүрлі доптың бейнесін саусақпен салғандары жайлы балалардың естеріне түсіреді.	Балалар өздерінің құмда салған доптарын естеріне түсіреді.
Ұйым*дастыру кезеңі*	Педагог балалардың суретте кімнің бейнесін көріп тұрғандарын сұрайды. -Құм әлемі сендерден саусақтарыңмен ұл бала мен қыз баланың бейнесін геометриялық пішіндер арқылы салуды сұрайды. -Салып көреміз бе, балалар? Қағазда салмас бұрын ауада салып көрейік. -Кәне, бәріміз бірге сұқ саусағымызбен құмның бетіне геометриялық пішіндерден құрап ұл бала мен қыз баланың бейнелерін салайық немесе өз қалауларың бойынша салуларыңа болады. Салып болғаннан кейін көңілденген балалар қолдарын сүртіп, өз қалаулары бойынша ойнайды.	Суреттен ұл бала мен қыз баланы көріп тұрғандарын айтады. - Саламыз. Сұқ саусақтарымен ауада сурет салады. Балалар сұқ саусақтарымен өз қалаулары бойыша ұл бала мен қыз баланын, бейнесін салады немесе геометриялық пішіндерді пайдаланып салады. Олар бір-бірімен көңілдене ойнайды
Рефлексиялық түзетушілік	Педагог балалардың жұмыстарын мадақтап және алдағы уақытта да көптеген бейнелерді салатындарын айтып, серуенге шығуға шақырады.	Балалар өз жұмыстарын қарап,серуенге дайындалады.

Күтілетін нәтиже:

Болуы: Саусақтарымен бейне салуға болатындығын.

Білуі: Құмның бетіне алуан түрлі бейнелерді салуға болатындығын.

Қолынан келуі: Құмның бетіне саусақпен дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыштарды салуды.